

МЕНІҢ АНА ТІЛІМ- ҚАЗАҚ ТІЛІ

Сөйлеу не үшін қажет?

ОҚУ МАҚСАТЫ:

- 2.1.1.1 - тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
- 2.2.3.1 - мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
- 2.3.5.1 - жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған» сөйлемін толықтыру
- 2.4.1.1 әріптерінің емлесін сақтап жазу

БАРЫСЫ:

- ◎ Психологиялық ахуал қалыптасу
- ◎ Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау.
- ◎ *Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!*
- ◎ *Ұйымшыл боламыз десек 2 рет*
- ◎ *Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!*

- Білу және түсіну
- 1-жаттығу
- Өлеңді көтеріңкі дауыспен мәнерлеп, түсініп оқы.
- Ана тілі
- Ана тілің біліп қой,
- Еркіндігің, теңдігің.
- Ана тілің біліп қой,
- Мақтанышың, елдігің.
- Ан тілің-арың бұл,
- Ұятың боп тұр бетте.
- Өзге тілдің бәрін біл,
- Өз тіліңді құрметте!

ТАЛҚЫЛАУ

- “Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте”

ДӘПТЕРМЕН ЖҰМЫС.

3-ЖАТТЫҒУ

Су

Сөйлеу сұрақ, жауап, әңгімелеуден тұрады.

3. Суреттерге қара. Адамдар бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасауда? Олардың қайсысы ауызекі, қайсысы жазбаша сөйлеуді қолданды? Қарым-қатынас жасауда қимыл мен ымның көмегі бар ма? Жан-жануарлар сөйлей ала ма?



• Төмендегі сөйлемдер әр суреттің атауы бола ала ма?

1. Оқу мен жазу – егіз. 2. Мысық неге мияулады? 3. Ым мен қимыл – түсінісу құралы.

Сөйлеу не үшін қажет?



Тақырыбы: Кел, танысайық!

Сыныбы: ____

Оқушының аты-жөні: _____

1. Сөйлем құра. Сөздерді дұрыс орналастыр.

1) бірге / ұнатамын / достарыммен / ойнағанды / .


2) танысканыма / сенімен / қуаныштымын / .

3) анама / мен / көмектестім / кеше / .

4) анама / мен / көмектесіп / жүрмін / бүгін / .

5) анама / мен / көмектесемін / ертең / .

2. Әріптерді сан реттерімен жаз.



3. Мына сөйлемдерді кестедегі ұяшықтарға орналастыр.

Біз доп ойнадық. Біз доп ойнап жүрміз. Біз доп ойнаймыз.
Біз кітап оқимыз. Біз кітап оқып отырмыз. Біз кітап оқыдық.
Мен әжеме көмектесемін. Мен әжеме көмектесіп жатырмын. Мен
әжеме көмектестім.

КЕШЕ	
БҮГІН	
ЕРТЕҢ	